ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 10 сәуір № 4360-24-00-2/601 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Сансызбаева А.М., оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда облыстық онкология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«BELES» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Ержігіт Тәжеуханұлы Дайрабек

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-3, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда облыстық онкология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «BELES» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Ержігіт Тәжеуханұлы Дайрабекті мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «BELES» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Ержігіт Тәжеуханұлы Дайрабек мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «BELES» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Ержігіт Тәжеуханұлы Дайрабектен мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Сансызбаева А.М.**

Құжатқа қол қойылған: Сансызбаева А. М., 11.04.2024

Заңды күшіне енген күні: 21.05.2024, судья Елшібеков Б. Е., 22.05.2024

4360-24-3-1/578